



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 25 қазан

Халықтың 2016 жылғы қыркүйекте қолма-қол АҚШ долларын сатып алуы

2016 жылғы қыркүйекте халықтың айырбастау пункттерінде қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алу көлемі 325,4 млн. АҚШ долларын құрады. Қыркүйекте қолма-қол шетел валютасына деген маусымдық сұраныс сақталды, алайда оның көлемі айтарлықтай қысқарды. Қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алу тамызбен салыстырғанда 27,7%-ға, өткен жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 20,2%-ға қысқарды және ол 2005 жылғы қыркүйектен бергі ең төменгі мән болып табылады.

Тұтастай алғанда, 2016 жылғы 9 айда халықтың қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алуы 299,8 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2001 жылдан бергі байқалып отырған ең төменгі көрсеткіш болып табылады.

Егер 5 899,0 млн. АҚШ доллары болған қолма-қол АҚШ долларын жалпы сату көлемі 2016 жылғы 9 айда өткен жылдардың көрсеткіштерімен (өткен 10 жылдың тиісті кезеңдерінде орташа алғанда 5 146 млн. АҚШ долл.) салыстыруға келетіндей болса, онда оның жалпы сатып алу көлемі – 6 198,9 млн. АҚШ долл. – алдыңғы 10 жылдық кезеңдегі орташа көрсеткіштерден 2 есе төмен (қоса алғанда 2005 жылға дейін ғана төмен болды). Мұның бәрі халықтың қолма-қол АҚШ долларына деген сұранысының төмендегенін білдіреді. Депозиттердің валюталық құрылымының серпіні де халықтың ағымдағы жылы шетел валютасында (10,5%-ға төмендеу) емес, теңгемен (депозиттер 68,2%-ға өскен) жинақтағысы келетінін көрсетіп отыр.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz